

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының
2022 жылғы «27» қазандағы
отырысының № 59/22 хаттамасына
№ 12 қосымшасы

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын Қоғам сатып алған кездегі құнын
айқындау әдістемесі**

Астана 2022

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Әдістеме (бұдан әрі – «Әдістеме») Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына (бұдан әрі – «Заңдар») және «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») Жарғысына сәйкес әзірленді және Қоғам акцияларының Қоғам оларды кері сатып алған кездегі құнын айқындау әдістерін айқындайды.

2. Осы Әдістемеді мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Акция – Қоғамның орналастырылған жай және (егер қолданылса) артықшылықты акциялары, сондай-ақ (егер қолданылса) осы Депозитарлық қолхаттың базалық активі болып табылатын Қоғам акцияларының белгілі бір санына меншік құқығын растайтын депозитарлық қолхаттар;

Брокер – клиенттің тапсырмасы бойынша, оның есебінен және мүддесі үшін эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;

КЕХС – қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары;

Сауда-саттықты ұйымдастырушылар – қор биржасы немесе орталық депозитарий орталық депозитарийдің клиенттері арасында баға белгілеулермен алмасу жүйесін пайдалану және қолдау арқылы сауда-саттықты ұйымдастырушылық қамтамасыз ету мен техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырған кезде;

Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы – мәмілелері қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналыс саласы;

Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы – бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен, оның ішінде шетел валюталарымен және туынды қаржы құралдарымен мәмілелер қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген талаптары сақталмай жүзеге асырылатын бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналыс саласы.

3. Осы Әдістеме Акцияларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда Акцияларды Қоғамның бастамасы бойынша не Заңдарда белгіленген жағдайларда Қоғам акционерінің талап етуі бойынша сатып алу кезінде Акциялардың құнын айқындау үшін қолданылады.

4. Қоғамның Акцияларды сатып алуы жөніндегі қағидалар мен шектеулер Заңдарға сәйкес белгіленеді.

5. Егер Заңдарда және/немесе Қоғамның Жарғысында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның Акцияларды сатып алуы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүргізіледі және акционер мен Қоғам немесе Қоғам брокері арасында Акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасау арқылы жүзеге асырылады.

6. Заңдарда белгіленген жағдайларда Қоғам акционерінің талап етуі бойынша Акцияларды сатып алу акционердің жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады, онда сатып алу туралы нақты және бір мәнді талап, осындай талаптың негізі, акционер сатуға қоятын Акциялардың саны мен түрі, сондай-ақ акционердің мекенжайы, банктік деректемелері және байланыс деректері (телефон, электрондық пошта адресі) көрсетілуге тиіс.

7. Қоғам акционерлерінің осы Әдістемемен танысуға құқығы бар.

АКЦИЯЛАРДЫҢ ҚҰНЫН АЙҚЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

8. Қоғамның бастамасы бойынша Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түсетін Акцияларды сатып алу Акциялар айналысқа түсетін Ұйымдастырылған нарықта қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша не Акциялардың нарықтық құны, Қоғамның меншікті капиталының мөлшері, Қоғамның даму жоспарларына сәйкес оның өзгеру перспективалары және/немесе өзге де факторлар ескеріле отырып, Директорлар кеңесі белгілеген өзге баға бойынша жүзеге асырылады.
9. Қоғамның бастамасы бойынша Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түспейтін Акцияларды сатып алу акционердің келісімімен Қоғамның Директорлар кеңесі Акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдағанға дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын тәуелсіз бағалаушы айқындаған баға бойынша не Қоғамның өз капиталының мөлшері, Қоғамның даму жоспарларына сәйкес оның өзгеру перспективалары және/немесе өзге де факторлар ескеріле отырып, Директорлар кеңесі белгілеген өзге баға бойынша жүргізілуі мүмкін.
10. Акцияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түсетін Қоғам акционерінің талабы бойынша сатып алу акциялар айналысқа түсетін ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан орташа өлшенген баға бойынша, орташа өлшенген бағадан 10% (он пайыз) мөлшерінде жеңілдік шегеріле отырып жүзеге асырылады.

Акцияның орташа өлшенген бағасын есептеу акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап қоюы үшін заңдарға сәйкес негіз пайда болған күннің алдындағы соңғы 30 күнтізбелік күн ішінде Ұйымдасқан нарықта жасалған мәмілелер бойынша деректер негізінде айқындалады және мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$C = V / A$, мұндағы:

C – акционердің өтініші тіркелген күнгі Акцияның орташа өлшемді бағасы;

V – осы Акциялар бойынша мәмілелердің ақшалай мәндегі көлемі (Акциялар айналыста болатын Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы Акциялармен соңғы 30 күнтізбелік күнде жасалған барлық мәмілелер бойынша көрсетілген кезеңдегі тиісті көрсеткіштердің қосындысы түрінде есептеледі);

A – мәмілелердегі Акциялар саны (Акциялар айналыста болатын Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы Акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша көрсетілген кезеңдегі тиісті көрсеткіштердің қосындысы түрінде есептеледі).

11. Қоғам акционерінің талап етуі бойынша Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түспейтін Акцияларды сатып алу Акцияның баланстық құны бойынша, одан баланстық құнының 10% (он пайызы) мөлшерінде жеңілдік шегеріле отырып, жүзеге асырылады.

Акцияның баланстық құнын есептеу ҚЕХС сәйкес жасалған Қоғамның шоғырландырылған қаржылық есептілігінің Қоғамның кеңсесінде өзіне тиесілі Акцияларды сатып алу туралы акционердің тіркелген күнгі соңғы өтініші негізінде жүргізіледі және мынадай формула бойынша есептеледі:

$P = E / Q$, мұндағы:

P – Акцияның баланстық құны;

E – есептілік жасалған күнгі Қоғамның меншікті капиталының баланстық құны;

Q – орналастырылған және айналыстағы Акциялардың есептілік жасалған тиісті күнгі жалпы саны (депозитарлық қолхаттардың бір Акцияға тиісті қатынасын ескергенде).